3) 21-баптың 4-1-тармағындағы «4000 айлық есептік көрсеткіштен» деген сөздер « республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем жасалған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 35-баптың 5-тармағындағы «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында» деген сөздер «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында» деген сөздермен ауыстырылсын.

12. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат):

21-баптың 2-тармағының 10) тармақшасындағы «заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздер «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздермен ауыстырылсын.

13. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат;

№ 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар):

43-баптың 3-тармағының 3-1) тармақшасындағы, 51-баптың 1-тармағының 11) тармақшасындағы және 4-тармағының 3-1) тармақшасындағы «заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында» деген сөздер «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында» деген сөздермен ауыстырылсын.

14. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

27-баптың 1-тармағының 2-1) тармақшасындағы «заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздер «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздермен ауыстырылсын.

15. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

24-баптың 3-тармағының 6) тармақшасындағы «заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында» деген сөздер «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында» деген сөздермен ауыстырылсын.

16. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) заңсыз жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру – ақшаны заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған жалған мәміле жасау кезінде құжаттарды пайдалану арқылы қолма-қол ақшаны алу мақсатында жеке немесе заңды тұлғалар жасайтын іс-әрекеттер;»;

2) 3-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) адвокаттар, заң мәселелері бойынша басқа да тәуелсіз мамандар мынадай қызметтерге:

жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға;

клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға;

банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;

компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға;

заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда;»;

3) 4-бапта:

1-тармақта:

үшінші абзацтағы «6), 7) және 9)» деген сөздер «6) және 7)» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«осы баптың 2-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген операция үшін – 6 000 000 теңге сомасына тең немесе одан көп не шетел валютасымен баламасы 6 000 000 теңге сомасына тең немесе одан көп болса;»;

төртінші абзацтағы «2) – 5), 8), 10) – 17)» деген цифрлар «2), 3), 5), 11) – 14), 16) және 17)» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

«осы баптың 2-тармағының 10) және 15) тармақшаларында көрсетілген операциялар үшін – 30 000 000 теңге сомасына тең немесе одан көп не шетел валютасымен баламасы 30 000 000 теңге сомасына тең немесе одан көп болса;

осы баптың 2-тармағының 18) тармақшасында көрсетілген операция үшін – 150 000 000 теңге сомасына тең немесе одан көп не шетел валютасымен баламасы 150 000 000 теңге сомасына тең немесе одан көп болса;»;

бесінші абзацтағы «18) және 19) тармақшаларында көрсетілген операциялар» деген сөздер «19) тармақшасында көрсетілген операция» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция шетел валютасымен жүзеге асырылатын болса, теңгеге балама сомасы Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған, осындай операция жасалған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша есептеледі.»;

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бәс тігу, ойын мекемелеріндегі құмар ойындар мен лотерея өткізу нәтижелері бойынша ұтысты алу, оның ішінде электрондық нысанда алу;»;

4) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

12) тармақша «қолма-қол валютаны» деген сөздерден кейін «, талап етушіге арналған құжаттандырылған бағалы қағаздарды, вексельдерді, чектерді» деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақша «оның ішінде» деген сөздерден кейін «сейф ұяшықтарын мүліктік жалдау (жалға алу) бойынша сейф қызметтерін көрсетуді қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

3) тармақшадағы «жасау болып табылады.» деген сөздер «жасау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4)–6) тармақшалармен толықтырылсын:

«4) заңсыз жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға бағытталған деп жорамалдауға негіздер бар операция жасау;

5) резиденттің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, қорғалатын ақпаратты, зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды, мүліктік жалдауға (жалға) берілген мүлікті) импорттауын (экспорттауын) көздейтін шарт бойынша тарап болып табылмайтын резидент емес ақшаны не тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, қорғалатын ақпаратты, зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды, мүліктік жалдауға (жалға) берілген мүлікті) алушы болып табылатын операция;

6) тараптарының бірі терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген жеке және (немесе) заңды тұлғалар болып табылатын операция болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі күдікті операцияны айқындау критерийлерінің белгілерін бекітеді.»;

4) 5-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы «жағдайларды қоспағанда)» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ заңды мекенжайын» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Тиісінше тексеруді жүргізу кезінде мәліметтер жинау және құжаттық растау

1. Қаржы мониторингі субъектілері клиентке тиісінше тексеру жүргізу кезінде тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган айқындайтын қаржы мониторингі субъектілерінің түрлері бойынша клиентті тиісінше тексеру үшін қажетті

құжаттар тізбесі негізінде клиент туралы мәліметтерді құжаттап тіркеуге міндетті.

2. Қаржы мониторингі субъектілері қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты уәкілетті органға мынадай бөлімдерді: кіріспе ақпаратты, қаржы мониторингі субъектісі туралы мәліметтерді, операция мен операцияға қатысушылар туралы мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын операция жөнінде қосымша ақпаратты қамтуға тиіс нысан бойынша береді. Бұл нысан Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидалармен айқындалады.

Осы Заңның 4-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат құжатталып тіркеледі және оларды:

1) осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1)–5) және 10) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері, – ерекше қызметінің түрі шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, бөлінген байланыс арналары арқылы операция жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық тәсілмен;

2) ерекше қызметінің түрі шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалар, – операция жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште;

3) осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 6)–9) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері, – операция жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште уәкілетті органға қазақ немесе орыс тілінде ұсынады.

Күдікті операциялар бойынша мәліметтер мен ақпарат құжатталып тіркеледі және осы Заңның 13-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен уәкілетті органға ұсынылады.

3. Қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпаратты:

1) адвокаттар, егер бұл мәліметтер мен ақпарат анықтау, алдын ала тергеу органдарында, соттарда жеке және заңды тұлғалардың атынан өкілдік ету және оларды қорғау мәселелері бойынша заң көмегін көрсетуге байланысты, сондай-ақ шешілуі кәсіптік заң білімін, талап арыздар, шағымдар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттар жазуды қажет ететін мәселелер бойынша олардың консультациялар, түсіндірулер, кеңестер және жазбаша қорытындылар түріндегі заң көмегін көрсетуі кезінде алынған болса;

2) нотариустар, шешілуі кәсіптік заң білімін талап ететін мәселелер бойынша олардың консультациялар, түсіндірулер түрінде заң көмегін көрсетуі кезінде ұсынбайды.

4. Клиентке тиісінше тексеру жүргізген кезде алынған қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтерді уәкілетті органға берумен байланысты шығыстарды қаржы мониторингінің субъектілері көтереді.»;

6) 11-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Қаржы мониторингі субъектілері ішкі бақылау қағидаларын әзірлейді, қабылдайды әрі орындайды және осы Заңда көзделген ішкі бақылауды жүргізу кезінде қаржы мониторингі субъектісінің қызметіне қойылатын талаптардан басқа, олар мыналарды:
осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген шарттарды;
осы Заңның 4-бабының 2-тармағында көрсетілген қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялардың тізбесін;
күдікті операцияларды айқындау критерийлерін;
өз клиенттерін тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттар тізбесін;
өз клиенттерін тиісінше тексеру шараларын;
корреспондент банктермен корреспонденттік қатынастар орнататын қаржы мониторингі субъектісінің оларды тиісінше тексеру шараларын;
осы Заңның 13-бабының 1-тармағында көрсетілген клиент операцияларын жүргізуден бас тарту негіздерін;
осы Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес клиенттің күдікті операциялары туралы уәкілетті органды міндетті түрде хабардар ету жөніндегі шараларды;
қаржы мониторингі субъектілері лауазымды адамдарының сәйкестендіру деректеріне және өз клиенттерін тиісінше тексеру жөніндегі өзге де ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуді;
осы Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес алынған ақпаратты сақтау және қорғау тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды;
заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында жұмылдырылған қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлерін даярлау және оқыту жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шараларды;
қаржы мониторингі субъектілерінің лауазымды адамдарын тағайындауға, олардың біліктілігіне және оларды даярлауға қойылатын талаптарды қамтуға тиіс.»;
7) 12-бапта:
4-тармақта:
5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«5) террористік ұйымдармен немесе террористермен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес олар уәкілеттік берген органдар жасайтын тізбесінде ұйымның немесе жеке тұлғаның болуы;»;
мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
«6) террористік және экстремистік қызметке қатысы бар ұйымдар мен жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының деректері негізінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

жасайтын тізімдері негіз болып табылады.»;
мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:
«5. Терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінен ұйымды немесе жеке тұлғаны алып тастау оларды көрсетілген тізбеге енгізу үшін негіз болған мән-жайлардың әрекеті тоқтатылғаны туралы ақпараттың негізінде жүзеге асырылады.
6. Терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган, сондай-ақ басқа да құзыретті мемлекеттік органдар уәкілетті органға ұсынатын ақпаратқа сәйкес жаңартылып отырады.»;
8) 13-бапта:
2-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;
3 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Уәкілетті орган осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген хабарламаны алысымен, оны алған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде, егер қаржы мониторингі субъектісі ұсынған күдікті операция туралы хабарлама уәкілетті орган жүргізген талдау нәтижелері бойынша негізді деп танылған болса, күдікті операцияның жүргізілуін күнтізбелік үш күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.
Күдікті операцияны тоқтата тұру туралы не күдікті операцияны тоқтата тұрудың қажеттігі жоқ екендігі туралы шешім уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді және электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште күдікті операция туралы хабарламаны ұсынған қаржы мониторингі субъектісінің назарына жеткізіледі.»;
«5. Уәкілетті орган күдікті операцияның жүргізілуін тоқтата тұру туралы шешім қабылдағаннан кейін ақпаратты дереу Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына береді, ол уәкілетті органнан күдікті операцияны тоқтата тұру туралы хабарламаны алған кезден бастап сегіз сағат ішінде ақпаратты арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына олардың құзыретіне сәйкес шешім қабылдау үшін жібереді.
Тиісті арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары ақпарат алған кезден бастап қырық сегіз сағат ішінде тиісті шешім қабылдауға және ол туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен уәкілетті органға хабарлауға міндетті.
Уәкілетті орган арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының тиісті шешімін алған кезден бастап оны үш сағат ішінде қаржы мониторингі субъектісінің назарына жеткізеді.»;
9) 16-бапта:
мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:
«4-1) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсынады;»;

5) тармақшадағы «құқық қорғау органдарына олардың құзыреттеріне сәйкес іс жүргізу шешімін қабылдауы үшін ақпарат жібереді» деген сөздер «арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына жіберу үшін өз құзыретіне сәйкес іс жүргізу шешімін қабылдауға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына ақпарат береді» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 17-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру белгілері» деген сөздер «осы Заңның 4-бабының 4-тармағында белгіленген бір немесе бірнеше критерийлерге сай келетін күдікті операцияның белгілері» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 18-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

3) тармақшадағы «айқындайтын көлемде және тәртіппен өздерінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтер беруге міндетті.» деген сөздер «айқындайтын тәртіппен өздерінің ақпараттық жүйелерінен және ресурстарынан мәліметтер беруге;» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) өз қызметі процесінде алынған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты сақтаудың, қорғаудың және сақталуының тиісті режимін қамтамасыз етуге міндетті.»;

екінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3, 4, 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсыну туралы сұрау салуды жіберуі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және оның орынбасарларының санкциясымен жүзеге асырылады.

Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген істер мен материалдар бойынша сұрау салуды жібереді.

4. Күдікті операция туралы мәліметтер мен ақпаратты осы Заңда көзделген тәртіппен уәкілетті органға ұсыну қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету болып табылмайды.

5. Уәкілетті органның қаржы мониторингіне жататын операция туралы, оның

ішінде күдікті операция туралы мәліметтер мен ақпаратты осы Заңда көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына беруі қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету болып табылмайды.

6. Кеден одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтан жүзеге асырылатын Кеден одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумаққа әкелуді немесе әкетуді қоспағанда, мәдени құндылықтарды, қолма-қол валютаны, қаржы мониторингіне жататын, ұсынушыға арналған құжаттандырылған бағалы қағаздарды, вексельдерді, чектерді Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасынан әкету жөнінде ақпарат жинауды Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырып, кейіннен оны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген белгіленген мерзімде міндетті түрде уәкілетті органға ұсынады.»;

12) 19-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру туралы ақпаратты беру шет мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуы бойынша, ол сұрау салуда көрсетілмеген мақсаттарда қолданылмайтын не уәкілетті органның алдын ала келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмейтін шартпен жүзеге асырылады.

Шет мемлекеттің құзыретті органдарына заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру туралы ақпаратты беру, егер ол адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қозғамаса және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне нұқсан келтірмесе, жүзеге асырылады.».

17. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат):

16-баптың 3-тармағының үшінші бөлігінде:

8) тармақшадағы «болуы мәселелері бойынша жүргізілетін тексерулерді қоспағанда, осы орган тексерілетін әрбір субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика және арнаулы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеуге міндетті.» деген сөздер «болуы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болуы мәселелері бойынша жүргізілетін салықтық тексерулерді қоспағанда, осы орган тексерілетін әрбір субъектіге тексеруді тағайындау

туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеуге міндетті.».

18. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 3-құжат; № 8, 64-құжат):

30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заң, шет мемлекеттердің және (немесе) халықаралық ұйымдардың әскери құралымдарының, қару-жарақтары мен әскери техникасының Қазақстан аумағы арқылы әуе кемелерімен транзитіне тыйым салу бөлігінде 20-баптың 4-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шет мемлекеттердің және (немесе) халықаралық ұйымдардың әскери құралымдарының, қару-жарақтары мен әскери техникасының Қазақстан аумағы арқылы әуе кемелерімен транзитіне тыйым салу бөлігінде осы Заңның 20-бабы 4-тармағының 2) тармақшасы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.».

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**2-бап.**

1. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 5-тармағының 5) және 7) тармақшаларын, 11-тармағының 3) тармақшасын, 16-тармағының 3) тармақшасын, 5) тармақшасының төртінші – тоғызыншы абзацтарын, 6) тармақшасын, 11) тармақшасының бесінші және он төртінші абзацтарын;

2) 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 5-тармағының 1), 2), 3) және 6) тармақшаларын, 6-тармағын, 11-тармағы 1) тармақшасының бірінші – бесінші, жетінші және сегізінші абзацтарын, 17-тармағын;

3) 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 1) тармақшасының бесінші абзацы 2014 жылғы 1 шілдеге дейін қолданыста болады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.12.2013 № 152-V Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті Н.НАЗАРБАЕВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК